

Redmi

by Xiaomi

Redmi Note 10S
Қысқаша нұсқаулық



Redmi Note 10S таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз

Құрылғыны қосу үшін қуат батырмасын басу және ұстап тұру қажет.
Экрандағы нұсқауларды орындау арқылы құрылғыны теңшеңіз.
Қосымша ақпарат алу үшін ресми сайтқа кіріңіз:
www.mi.com/global/service/userguide

MIUI

Redmi Note 10S алдын-ала орнатылған MIUI қабықшасымен - тұрақты жаңартуларды қамтамасыз ететін және бүкіл әлемде 200 миллионнан астам белсенді қолданушылардың қалауына негізделген интуитивтік ұғынықты интерфейс бар. Android базасында біздің дербестендірілген ОЖ жеткізіледі. Қосымша ақпарат алу үшін en.miui.com веб-сайтына кіріңіз.

Екі SIM-картамен жұмыс:

- 4G желісіндегі екі SIM-картаны пайдалану режимін белгілі бір байланыс операторлары ұсынады және барлық аймақтарда қол жетімді болмауы мүмкін.
- Екі Nano-SIM-картамен жұмыс қолданылады. Екі слотты пайдаланған кезде кез келген SIM-картаны негізгі ретінде таңдауға болады.
- VoLTE-ге тек белгілі бір аймақтардағы байланыс операторлары қолдау көрсетеді.
- Желінің оңтайлы жұмыс сипаттамаларын қамтамасыз ету мақсатында жүйе автоматты түрде жаңартылуы мүмкін. Толық ақпарат алу үшін құрылғыда қолданылатын жүйенің нұсқасын қараңыз.
- SIM-карталарға арналған ағытпаға стандартты емес SIM-карталарды салмаңыз. Олар ағытпаны зақымдауы мүмкін.
- **HAZAP АУДАРЫҢЫЗ:** Бұл құрылғыны бөлшектемеңіз.

WEEE



Бұл бұйымды қауіпсіз кәдеге жарату үшін арнайы сақтық шараларын қабылдау қажет. Мұндай таңбалау Еуропалық Одақ аумағында осы бұйымды басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға тыйым салынатынын көрсетеді. Тиісті түрде кәдеге жаратпау нәтижесінде қоршаған ортаға немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіруді болдырмау және материалдық ресурстарды қайта пайдалануды қамтамасыз ету үшін бұйымды қайта өңдеуге жіберу керек. Бұйымды қауіпсіз қайта өңдеу үшін жинау және қайтару жүйелерін қолданыңыз немесе бұйым бастапқыда сатып алынған сауда ұйымына хабарласыңыз.

Қоршаған ортаны қорғау туралы Декларациямызбен танысу үшін келесі сілтемені пайдаланыңыз: www.mi.com/en/about/environment

HAZAP АУДАРЫҢЫЗ

ТИІСТІ ЕМЕС ТҮРДЕГІ БАТАРЕЯНЫ АУЫСТЫРҒАН ЖАҒДАЙДА
ЖАРЫЛЫС ҚАҰПІ БАР. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН БАТАРЕЯЛАРДЫ ЖЕРГІЛІКТІ
НОРМАЛАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕРГЕ СӘЙКЕС КӘДЕГЕ ЖАРАТЫҢЫЗ.



Есту қабілетінің нашарлауының алдын алу үшін ұзақ уақыт бойы қатты дауыспен тыңдамаңыз.

Қауіпсіздік техникасы мен сақтық шаралары туралы қосымша

ақпаратты мына сілтеме бойынша табуға болады: www.mi.com/en/certification.

Қауіпсіздік жөніндегі маңызды ақпарат

Құрылғыны қолданар алдында төменде берілген қауіпсіздік техникасы жөніндегі барлық ақпаратты оқыңыз:

- Мақұлданбаған кабельдерді, қуат блоктарын немесе батареяларды пайдалану өрттің жарылыстың немесе басқа да қауіптердің себебі болуы мүмкін.
- Тек құрылғымен үйлесімді мақұлданған керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғы үшін жұмыс температурасының диапазоны 0-ден 40 °C-қа дейін. Бұл құрылғыны қоршаған ортаның басқа температурасында пайдалану оның зақымдалуына себебі болуы мүмкін.
- Егер құрылғыда батарея алынбайтын болса, батареяға немесе құрылғыға зақым келтірмеу үшін оны өзіңіз ауыстыруға тырыспаңыз.
- Бұл құрылғыны тек жеткізілім жиынтығына кіретін немесе мақұлданған кабель мен қуат блогын пайдаланып қуаттаңыз. Басқа блоктарды пайдалану өрттің, электр тогымен зақымданудың немесе құрылғы мен блоктың зақымдалуына себебі болуы мүмкін.
- Қуаттау процесі аяқталғаннан кейін құрылғыны құрылғыдан және электр розеткасынан ажыратыңыз. Құрылғыны 12 сағаттан артық қуаттамаңыз.
- Батареяны тұрмыстық қалдықтардан бөлек қайта өңдеу немесе қадеге жарату керек. Батареяны дұрыс пайдаланбау өрт немесе жарылыс себебі болуы мүмкін. Құрылғыны, батареяларды және керек-жарақтарды қайта өңдеу немесе қадеге жарату жергілікті ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.
- Корпусты бөлшектеуге, соққылауға, батареяны мыжуға немесе өртеуге тыйым салынады. Егер батарея деформацияланған немесе зақымдалған болса, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз.
 - Батареямен қысқа тұйықталуға жол бермеңіз, себебі бұл қатты қызуға, күйкке немесе басқа да жарақаттарға әкелуі мүмкін.
 - Батареяға қоршаған ортаның жоғары температурасының әсер етуіне жол бермеңіз.
 - Қатты қызу жарылыс себебі болуы мүмкін.
 - Корпусты бөлшектеуге, соққылауға немесе батареяны мыжуға тыйым салынады, себебі бұл ағып кету, қатты қызу немесе жарылыс себебі болуы мүмкін.
 - Батареяны өртемеңіз, себебі бұл өрт немесе жарылыс себебі болуы мүмкін.
 - Егер батарея деформацияланған немесе зақымдалған болса, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз.
- Пайдаланушыға батареяны бөлшектеуге немесе ауыстыруға тыйым салынады. Батареяны бөлшектеу немесе жөндеу тек өндіруші көрсеткен авторландырылған сервистік орталықта жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ылғалдан қорғаңыз.
- Құрылғыны өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз. Егер құрылғының қандай да бір бөлігі дұрыс жұмыс істемесе, Мi клиенттерге қызмет көрсету бөліміне жүгініңіз немесе құрылғыны авторландырылған сервистік орталыққа тапсырыңыз.
- Басқа құрылғыларды оларды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес қосыңыз. Бұл бұйымға сәйкес келмейтін құрылғыларды қоспаңыз.
- Айнымалы ток түрлендіргіші бар блоктарды тұрақты токқа қосуға арналған электр розеткасы жабдықтың жанында болуы және оңай қол жетімді болуы керек.



Сақтық шаралары

- Ерекше жағдайларда және шарттарда ұялы телефондарды пайдалануды шектейтін қолданылатын барлық заңдар мен ережелерді сақтаңыз.
- Автожанармай құю стансаларында немесе кез келген жарылыс қауіпті/әлеуетті жарылыс қауіпті ортада, оның ішінде жанармай құю орындарында, кемелердегі палуба астындағы үй-жайларда, отын немесе химикаттар қоймаларында немесе ауада астық, шаң немесе металл ұнтақтары сияқты химиялық заттар немесе бөлшектер болуы мүмкін жерлерде телефонды пайдаланбаңыз. Телефондар немесе өзге де радио жабдықтар сияқты сымсыз құрылғыларды ажыратуға қатысты барлық ескерту белгілерінің талаптарын сақтаңыз. Қажаж ағынды өңдеу жүзеге асырылатын немесе ықтимал қауіптерді болдырмау үшін "қабылдау-тарату радиостансаларын" немесе "электрондық құрылғыларды" ажырату талап етілетін аймақтарда болған кезде ұялы телефонды немесе сымсыз құрылғыны өшіріңіз.
- Телефонды аурухана бөлмелерінде, жедел жәрдем бөлімшелерінде немесе қарқынды терапия бөлімшелерінде пайдаланбаңыз. Әрқашан ауруханалар мен медициналық орталықтардағы барлық ережелер мен нормаларды сақтаңыз. Егер Сізде медициналық құрылғы болса, телефонның мұндай құрылғының жұмысына әсер ету бейімділігі жөнінде дәрігермен және құрылғы өндірушісімен кеңесіңіз. Кардиостимуляторға әлеуетті әсерін болдырмау үшін әрдайым оның және ұялы телефонның арасындағы қашықтық кем дегенде 15 см болуын бақылаңыз. Мұны сөйлесу кезінде телефонды кардиостимуляторының қарама-қарсы жағына құлаққа тақап,

телефонды кеуде қалтаға салмай қамтамасыз етуге болады. Медициналық жабдыққа кедергі келтірмеу үшін телефонды есту аппараттарының, кохлеар имплантаттарының немесе басқа ұқсас құрылғылардың жанында пайдаланбаңыз.

- ОКөлік құралын жүргізу кезінде телефонды жол қозғалысының ережелеріне сәйкес пайдаланыңыз.
- Найзағайдың түсуіне жол бермеу үшін найзағай кезінде телефонды пайдаланбаңыз.
- Қуаттау кезінде қоңырау шалу үшін телефонды пайдаланбаңыз.
- Жуынатын бөлме сияқты жоғары ылғалдылық жағдайында телефонды пайдаланбаңыз. Бұл электр тогының соғуына, жарақаттануға, өртке немесе қуаттау құрылғысына зақым келтіруі мүмкін.

Қауіпсіздік туралы мәлімдеме

Телефонның операциялық жүйесін бағдарламалық жасақтамаға кірістірілген жаңарту функциясы көмегімен немесе уәкілетті сервис орталықтары арқылы жаңартыңыз. Бағдарламалық жасақтаманы басқа әдіспен жаңарту құрылғыны зақымдап, деректердің жоғалуына, қауіпсіздік мәселелеріне және басқа тәуекелдерге әкелуі мүмкін.

ЕО нормалары

Радиожабдық нормаларына қатысты сәйкестік декларациясы



Xiaomi Communications Co., Ltd. GSM/GPRS/EDGE/UMTS/LTE байланыс стандарттарын, Bluetooth және Wi-Fi функцияларын қолдайтын осы M2101K7BNY сандық ұялы телефонының 2014/53/EU радиожабдығына қатысты директиваның негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО нормативтік талаптарына қатысты сәйкестік декларациясының толық мәтіні келесі мекенжай бойынша берілген: www.mi.com/en/certification

Радиожилікті сәулелену туралы мәлімет (SAR)

Бұл құрылғы халық үшін меншікті сіңіру коэффициентіне (SAR) / бақыланбайтын сәулеленуге қатысты талаптарға сәйкес (бас пен дене үшін SAR шекті мәні 10 г/тінге 2,0 Вт/кг тең). Жоғарыда аталған талаптар ЕО Кеңесінің 1999/519/ЕО нұсқауы, иондамайтын сәулеленуден қорғау жөніндегі Халықаралық комиссия нұсқаулары, сондай-ақ радиожабдыққа қатысты 2014/53/EU (RED) директивасы негізінде белгіленген.

SAR нормаларына сәйкестігін тексеру барысында бұл құрылғы барлық сыналатын жиілік аралығында ең жоғары сертифицикатталған қуат деңгейінде сигнал берді. Оны басқа жақын тақап ұстағанда және денеден 5 мм қашықтықта ұстағанда радиожилікті сәулелері шығуына ұқсас позицияларда болды.

Құрылғының адам денесінен 5 мм қашықтықта жұмыс істеген кезінде өлшенген SAR мәндері негізге алынды. Радиожилікті сәулелену рұқсат етілген немесе өте төмен деңгейде екеніне сенімді болу үшін бұл құрылғыны денеден кем дегенде 5 мм қашықтықта ұстаған жөн. Құрылғыны денеге жақын бекітіп ұстау үшін құрылғы мен дене арасында кем дегенде 5 мм қашықтықты қамтамасыз ететін белдік қыстырғыштарын немесе металл элементтері жоқ несесерді пайдаланыңыз. Құрамында металл элементтері бар дене аксессуарларын тақпағанда радиожилікті сәулеленудің нормаларға сәйкес болуы тексерілмеген және сертифицикатталмаған, сондықтан мұндай аксессуарларды тақпаған жөн.

Сертификаттау туралы мәліметтері (SAR шекті мәндері)

10 г SAR шекті мәні: 2,0 Вт/кг.

Бас үшін SAR мәні 0,590 Вт/кг, дене үшін — 0,995 Вт/кг (5 мм қашықтықта) құрайды.

Заңды ақпарат

Бұл құрылғыны ЕО-тың барлық елдерінде пайдалануға болады. Құрылғыны жалпы мемлекеттік және жергілікті ережелерге сай пайдаланыңыз. Қабылдау құрылғысының санаты 2. Пайдаланылатын қуат адаптері IEC/EN 62368-1 регламентінің 6.4.5 тармақ талаптарына сәйкес болуы тиіс. Оның ұлттық немесе аймақтық стандарттарға сәйкес тексерілуі және мақұлданыуы қажет.

Жиілік диапазоны мен қуаттылығы

Бұл ұялы телефон ЕО аумағында ғана келесі көрсетілген жиілік диапазоны мен радиожилікті сигналдың ең жоғарғы деңгейінде жұмыс істейді. Сымсыз байланыс стандарты: IEEE 802.11 b/g/n, IEEE 802.15.1. Жұмыс жиілігі: 2400-2483,5 МГц, 5745-5825 МГц (IEEE 802.11 b/g/n); 2400-2483,5 МГц (IEEE 802.15.1). Таратқыштың қуаты: <100 мВт, 25 мВт (IEEE 802.11 b/g/n); 10 мВт (IEEE 802.15.1)

Байланыс жөніндегі Федералдық комиссия нормалары

Бұл ұялы телефон Байланыс жөніндегі Федералдық комиссия ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді. Оның жұмысы келесі екі шартқа негізделген:

о құрылғы зиянды кедергілер келтірмеуі тиіс; 2) бұл құрылғы кез келген кедергі туындағанда, сондай-ақ оның жұмысына кері әсер тигізетін кедергілер болған жағдайда да жұмыс істеуі тиіс. Бұл ұялы телефон сынақтан өткізіліп, байланыс жөніндегі Федералдық комиссия ережелерінің 15-бөліміне сай В класындағы сандық құрылғыларға қойылатын талаптарға сәйкес деп танылған. Бұл талаптар тұрғын үй-жайларда зиянды кедергілерден тиесілі қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл жабдық радиожилік энергиясын өндіреді, пайдаланады және оны тарата алады, сондай-ақ нұсқауларға сәйкес орнатылмаса не пайдаланылмаса, радиобайланыс үшін зиянды кедергілер келтіруі мүмкін. Дегенмен кедергілердің белгілі бір орнату жұмысы кезінде туындамайтынына көпірдік бермейміз. Егер бұл құрылғы теледидар мен радиосигналдарға кедергі келтірсе (мұны жабдықты өшіріп, қайта қосу арқылы анықтауға болады), пайдаланушыға келесі бір немесе бірнеше тәсілді қолданып, кедергілерді жоюға болады:

- қабылдау антеннасының бағыты мен күйін өзгертіңіз;
- жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз;
- жабдықты қабылдағыш жалғанған басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз;
- сатушы немесе теле және радиожабдық жөніндегі білікті техника маманынан кеңес алыңыз.

Радиожилікті сәулелену туралы мәлімет (SAR)

Бұл құрылғы радиожилікті сәулеленуге қатысты мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкес келеді. Құрылғы радиожилікті (РЖ) энергия сәулеленуінің шекті мәндерінен аспайтындай етіп жобаланып жасалған. Сымсыз құрылғылар үшін сәулелену дозасының стандарты ретінде салыстырмалы сіңіру коэффициенті (SAR) пайдаланылады.

Байланыс жөніндегі Федералды комиссия тарапынан 1,6 Вт/кг тең максималды рұқсат етілген SAR мәні бекітілген. Бұл құрылғы адам денесіне жақын етіп пайдалану үшін сыналған. Егер құрылғы құрамында металл жоқ аксессуарлармен бірге қолданылып, оны денеден кем дегенде 1,5 см қашықтықта ұстауға мүмкіндік болса, ол радиожилік сәулелену байланысы жөніндегі Федералдық комиссияның талаптарына сәйкес келеді. Құрамында металл элементтері бар дене аксессуарларын таққандағы радиожилікті сәулеленудің нормаларға сәйкес болуы тексерілмеген және сертифицикатталмаған. Сондықтан мұндай аксессуарларды тақпаған жөн. Бұл телефонмен адам денесіне тікелей жақындықта қолданылатын кез келген аксессуар денеден кем дегенде 1,5 см қашықтықта болуы көрек.

Байланыс жөніндегі Федералдық комиссия ескертпесі

Бұйымның нормативтік талаптарға сәйкестігі үшін жауапты тарапы мақұлдамаған өзгерістерді немесе түрлендірулерді енгізу пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін. Бұл өніммен Федералды байланыс комиссиясының шектеулеріне сәйкес в класымен сәйкестікті қамтамасыз ету үшін экрандалған кабельді пайдалану қажет.

Электронды затбелгі

Бұл құрылғының сертифицикатталуы туралы мәліметтері көрсетілген электронды затбелгісі бар. Оны көру үшін "Параметрлер" > "Телефон туралы" > "Сертификация" тармағын немесе "Параметрлер" таңдап, іздеу жолағына "Сертификация" деп теріңіз.

Үлгісі: M2101K7BNY.

"2101" таңбалары өнімнің нарыққа 2021 жылдың Қаңтар айынан кейін шығатынын білдіреді.

Жауапкершіліктен бас тарту

Бұл қысқаша нұсқаулықты Xiaomi немесе оның жергілікті еншілес компаниясы жариялайды. Осы қысқаша нұсқаулықтағы бар ақпараттың жаңсақтығына, дәлсіздігіне немесе бағдарламалардың және/немесе жабдықтың жетілдірілуіне байланысты қажетті түзетулер мен өзгертулерді Xiaomi кез келген уақытта және алдын ала ескертусіз енгізе алады. Мұндай өзгерістер қысқаша нұсқаулықтың жаңа онлайн-басылымдарында ескеріледі ([detailsatwww.mi.com/global/service / userguide](https://detailsatwww.mi.com/global/service/userguide) қараңыз). Барлық суреттер тек көрнекілік мақсатында берілген және нақты құрылғыдан өзгеше болуы мүмкін.

Бұл смартфонда Corning® Gorilla® Glass 3 қорғаныс әйнегі пайдаланылады.

CORNING
Gorilla® Glass

Жинақталым

- Құрылғы.
- Желілік бейімдегіш.
- USB Type-C кабелі.
- SIM-картаны алып шығуға арналған құрал.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.
- Қорғаныс тысы.

Орнату, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және жою ережелері мен шарттары

- Шарттар қандай да бір құрастыру немесе тұрақты бекітуді талап етпейді
- Құрылғы ауа температурасы 5°C-дан 40°C-ға дейін және салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын өндірушінің және тұтынушының жылытылатын бөлмелерінде қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғына тасу құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды қажет етеді, оны шаң, кір, соққылар, ылғал, от және т.б. әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны Федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу авторизацияланған қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Сяоми Коммьюникейшнз Ко., Лтд.

#019, 9-шы қабат, 6-ғимарат, Си'эрци орталық өтпе жолы, 33-үй, Хайдянь ауданы, Бейжін, Қытай
Қытайда жасалған.

Импорттер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: «МИНТЕСТ» ЖШҚ.

119619, Ресей, Мәскеу қаласы, 1-ші Чоботовская аллеясы, 23Б үй.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" техникалық регламенті талаптарына сәйкес.

Смартфон - бұл ұялы байланыс желілерінде жұмыс істеуге арналған және мобильді операциялық жүйе арқылы істейтін мобильді телефон түрі.

Сауда таңбасы: Redmi.

Үлгісі: M2101K7BNY.

Кепілдік мерзімі: 1 жыл.

Құрылғының қызмет ету мерзімі: Өндірілген күнінен бастап 2 жыл. Өндірілген күні қаптамада көрсетілген.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі: <https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

V.6

EAC